

## 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 574 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 7816 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 8-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 2 желтоқсандағы "2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 338 549 074,6 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер – 39 934 776 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 7 290 696 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 229 579 мың теңге;
  - трансферттер түсімі – 291 094 023,6 мың теңге;
- 2) шығындар – 351 062 421,5 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – -2 772 463,9 мың теңге, оның ішінде:
  - бюджеттік кредиттер – 11 261 161 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 14 033 624,9 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 42 000 мың теңге, оның ішінде:
  - қаржы активтерін сатып алу – 42 000 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -9 782 883 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 9 782 883 мың теңге, оның ішінде:
  - қарыздар түсімі – 11 145 715 мың теңге;
  - қарыздарды өтеу – 13 903 204,9 мың теңге;
  - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 12 540 372,9 мың теңге.

**Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 09.12.2021 № 81 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. 2021 жылға бөлінген салықтардан түскен жалпы соманы бөлу аудандардың және Ақтөбе қаласының бюджеттеріне мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша: Ақтөбе қаласы бойынша - 35 %, Байғанин ауданына - 50 %, Хромтау ауданына – 60 %, Мұғалжар ауданына – 70 % және Әйтеке би, Алға, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 %;

2) әлеуметтік салық бойынша: Ақтөбе қаласы бойынша - 35 %, Байғанин ауданына – 50 %, Хромтау ауданына - 60 %, Мұғалжар ауданына – 70 % және Әйтеке би, Алға, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 %;

3) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша Ақтөбе қаласы бойынша - 100 %, Байғанин, Мұғалжар аудандарына – 50 %, Хромтау ауданына - 60 % және Әйтеке би, Алға, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 %;

4) төлем көзінде салық салынбайтын кірістерге жеке табыс салығы бойынша, төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша түсімдер Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне толығымен есептеледі.

3. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтөбе қаласы және аудандық бюджеттерден облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемі 4 029 000 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

- Ақтөбе қаласы – 2 122 000 мың теңге;
- Мұғалжар ауданы – 1 907 000 мың теңге.

4. 2021 жылға арналған облыстық бюджетке Ақтөбе қаласы және аудандық бюджеттерден 69 887 995 мың теңге сомасында трансферттер түсімдері көзделсін.

Ақтөбе қаласы және аудандық бюджеттердің түсімдері облыс әкімдігі қаулысымен айқындалады.

5. Қазақстан Республикасының "2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 - бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері - 42 500 теңге;
- 2) зейнетақының ең төмен мөлшері – 43 272 мың теңге;

3) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 917 теңге;

4) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 34 302 теңге.

6. Қазақстан Республикасының "2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 12-бабына сәйкес 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери

қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

7. Қазақстан Республикасының "2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 13-бабына сәйкес 2021 жылға республикалық бюджеттен облыстық бюджетке берілетін субвенция 110 138 668 мың теңге сомасында көзделді.

8. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемі 38 232 000 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Әйтекеби ауданына – 4 130 000 мың теңге;

Алға ауданына – 4 498 000 мың теңге;

Байғанин ауданына – 733 000 мың теңге;

Бірғыз ауданына – 3 715 000 мың теңге;

Қарғалы ауданына – 3 064 000 мың теңге;

Мәртөк ауданына – 4 741 000 мың теңге;

Темір ауданына – 2 884 000 мың теңге;

Ойыл ауданына – 3 862 000 мың теңге;

Қобда ауданына – 4 144 000 мың теңге;

Хромтау ауданына – 258 000 мың теңге;

Шалқар ауданына – 6 203 000 мың теңге.

9. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан және республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін:

1) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;

2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауға;

3) алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 22.10.2021 № 71 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі);

4) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ, лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға;

5) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантинді объектілерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомографтардың) құнын субсидиялауға;

6) ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге;

7) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізуге;

8) арнаулы мекемелердің, айдауыл қызметінің, кезекші бөлімдердің және жедел басқару орталықтарының, кинологиялық бөлімшелердің қызметкерлеріне және учаскелік полиция инспекторларының көмекшілеріне тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеуге және олардың тұрғын үй төлемдеріне төлеуге;

8-1) ішкі істер органдары азаматтық қызметшілерінің қатарындағы медицина қызметкерлерінің еңбекақысын арттыруға;

9) объектілерді күзету функцияларын бәсекелес ортаға беруге;

10) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

11) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге;

12) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

13) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға;

**14) алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 09.12.2021 № 81 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі);**

15) еңбек нарығын дамытуға;

16) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

17) мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелердің, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге;

18) мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

19) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;

20) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

20-1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді ұлғайтуға және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыты бойынша төленген сомаларды өтеуге;

21) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға;

22) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

23) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

24) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;

25) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының әдістемелік орталықтарының (кабинеттерінің) әдіскерлеріне магистр дәрежесі үшін қосымша ақы төлеуге;

25-1) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді ұлғайтуға және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыты бойынша төленген сомаларды өтеуге;

26) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;

27) "Жас маман" жобасы шеңберінде колледждер үшін жабдықтар сатып алуға;

28) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

29) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

29-1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін мемлекеттік ұйымдардың медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді ұлғайтуға және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыты бойынша төленген сомаларды өтеуге;

30) көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға;

**31) алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 09.12.2021 № 81 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі);**

32) қаржы лизингі шарттарымен сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеуге;

33) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;

34) салауатты өмір салтын насихаттауға;

35) ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;

36) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияның мөлшерін ұлғайтуға;

37) жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау саласындағы ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

38) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге ;

39) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

40) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік ұйымдардың медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

41) "Ауыл-ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

42) алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 22.10.2021 № 71 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі);

43) "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге;

44) "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және Басым жобаларды кредиттеу тетігі шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға және кепілдік беруге;

45) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

46) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына және (немесе) аз қамтылған көпбалалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайын сатып алуға.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 9 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.08.2021 № 53 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 22.10.2021 № 71 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.12.2021 № 81 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9-1. Облыстық бюджетте мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару есебінен 2021 жылға арналған несиелік тұрғын үй құрылысына қарыздар түсімі көзделсін.

Аталған қарыздар түсімі сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. Шешім 9-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 17.05.2021 № 32 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

9-2. Облыстық бюджетте 2021 жылға арналған Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін қарыздар түсімі көзделсін.

Аталған қарыздар түсімі сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. Шешім 9-2 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 17.05.2021 № 32 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

10. 2021 жылға арналған облыстық бюджетке Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан және республикалық бюджеттен кредиттер түскені ескерілсін:

1) нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға;

2) облыс орталықтарында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге;

3) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;

4) 2020 – 2021 жылдарға арналған жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде кәсіпкерлік бастамаларды іске асыруға;

5) кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге;

Аталған кредиттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 10 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.08.2021 № 53 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).**

11. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтөбе қаласы және аудандық бюджеттерге ағымдағы нысаналы трансферттер және даму трансферттері көзделсін:

1) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюға;

2) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) қайта жаңғыртуға;

3) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

4) әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беруге;

5) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;

6) коммуналдық шаруашылықты дамытуға;

7) жылу-энергетикалық жүйені дамытуға;

8) ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

9) газ тасымалдау жүйесін дамытуға;

10) көлік инфрақұрылымын дамытуға;

11) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыру;

12) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

12-1) елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру;

12-2) елді мекендерді абаттандыру;

12-3) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына және (немесе) аз қамтылған көпбалалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайын сатып алуға;

12-4) жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік қызметшілерінің еңбегіне ақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуге;

13) нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға.

Аталған трансферттер мен кредиттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 11 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 24.02.2021 № 15 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.05.2021 № 32 (01.01.2021**

бастап қолданысқа енгізіледі); 11.08.2021 № 53 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

12. Алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 22.10.2021 № 71 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

13. 2021 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы

А. Айтжанов

Облыстық мәслихаттың хатшысы

С. Калдыгулова  
Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 11  
желтоқсандағы № 574 шешіміне 1-  
қосымша

## 2021 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 09.12.2021 № 81 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

санаты				Сомасы (мың теңге)
	сыныбы	ішкі сыныбы		
			АТАУЫ	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	338 549 074,6
1			Салықтық түсімдер	39 934 776
	01		Табыс салығы	18 076 608
		1	Корпоративтік табыс салығы	408 921
		2	Жеке табыс салығы	17 667 687
	03		Әлеуметтік салық	14 400 000
		1	Әлеуметтік салық	14 400 000
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	7 458 168
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	7 017 982
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	440 186



2			Салықтық емес түсімдер	7 290 696
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 930 567
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	198 358
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	11 000
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 721 209
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 643 039
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан)	1 643 039

			камтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	3 717 090
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	3 717 090
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	229 579
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	229 579
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	229 579
4			Трансферттердің түсімдері	291 094 023,6
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	74 136 242,6
		2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	74 136 242,6
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	216 957 781
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	216 957 781

Функ. топ			Сомасы (мың теңге)
	Кіші функция		
		Әкімші	

1	2	3	Бағдарлама		6
			4	5	
				II. Шығындар	351 062 421,5
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 859 142,5
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	2 173 850,4
		110		Облыс мәслихатының аппараты	81 001
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	80 649
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	352
		120		Облыс әкімінің аппараты	1 694 539,4
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 035 305
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 721
			007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	391 218
				Аудандық маңызы бар қалалардың,	

			009	ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	256 479,4
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	5 816
		263		Облыстың ішкі с а я с а т басқармасы	128 838
			075	О б л ы с Қазақстан халқы Ассамблеясыны ң қызметін қамтамасыз ету	128 838
		282		Облыстың тексеру комиссиясы	269 472
			001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	269 472
	2			Қаржылық қызмет	839 749,1
		257		Облыстың қ а р ж ы басқармасы	758 917
			001	Жергілікті бюджетті атқару ж ә н е коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	179 121
				Жекешелендіру, коммуналдық меншікті	

			009	басқару, жекешелендіруд ен кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	509
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 647
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	576 640
		718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	80 832,1
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	77 569
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 263,1
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	215 885
		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	215 885
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік	209 290

				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 245
			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	350
9				Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	629 658
		269		Облыстың дін істері басқармасы	200 851
			001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	133 798
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 850
			004	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	6 850
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	53 353

		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	428 807
			061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	428 807
02				Қорғаныс	1 692 282
	1			Әскери мұқтаждар	262 208
		120		Облыс әкімінің аппараты	262 208
			010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	63 493
			011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	198 715
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1 430 074
		120		Облыс әкімінің аппараты	40 091
			012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	12 974
			014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	27 117
				Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік	

		287		сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	1 151 329
			002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	740 721
			004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	410 608
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	238 654
			010	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	234 654
			016	Халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөнінде жұмыстар жүргізу	4 000
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	8 885 321,3



	1			Құқық қорғау қызметі	8 885 321,3
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	8 884 321,3
			001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 874 900
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	2 130
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 007 291,3
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 000,0
			005	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	1 000,0
04				Білім беру	151 116 168,3
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	20 319 228
		261		Облыстың білім басқармасы	20 319 228
			081	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	6 331 578
				Мектепке дейінгі білім	

			202	беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	13 987 650
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	110 269 875,4
		261		Облыстың білім басқармасы	103 613 697,4
			003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	2 255 934,6
			006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	1 071 377,8
			055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	3 960 867
			082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	63 084 695
			203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	33 240 823
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	4 583 041
			006	Балалар мен жасөспірімдерге	4 129 672

				спорт бойынша қосымша білім беру	
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	453 369
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 073 137
			012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 009 137
			069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	64 000
4				Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	8 423 481
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	503 631
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	503 631
		261		Облыстың білім басқармасы	7 917 850
				Техникалық және кәсіптік	

			024	білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	7 917 850
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 000
			099	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 000
5				Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	2 190 342
		120		Облыс әкімінің аппараты	4 415
			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	4 415
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	44 719
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	44 719
		261		Облыстың білім басқармасы	2 141 208
			052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде	2 141 208

				кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	
	6			Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	396 077
		261		Облыстың білім басқармасы	396 077
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	396 077
	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	9 517 164,9
		261		Облыстың білім басқармасы	9 517 164,9
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	698 298
			004	Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	33 993
			005	Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	1 741 950
				Облыстық, аудандық (қалалық)	

			007	ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	265 143
			011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	699 096
			012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	272 732
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	699
			019	Мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	33 895
			029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	940 203
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 469 718,9
				Нұрсұлтан Назарбаев Қорының "EL	

			080	УМІТІ" таланттарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру	114 949
			086	Жетім баланы ( жетім балаларды ) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	1 970
			087	Жетім баланы ( жетім балаларды ) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы ( балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	244 518
05				Денсаулық сақтау	7 618 689
	2			Халықтың денсаулығын қорғау	2 352 780,5
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	767 285
			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	192 047
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	27 612
				Облыстардың жергілікті	

			041	өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	160 647
			050	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	386 979
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 585 495,5
			038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	1 585 495,5
	3			Мамандандырылған медициналық көмек	1 496 892
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 496 892
			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық	1 496 892



				препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	
	5			Медициналық көмектің басқа түрлері	72 514
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	72 514
			029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	72 514
	9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	3 696 502,5
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	3 696 502,5
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	132 702
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	82 178
			016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	25 064

			018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	66 783
			023	Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	75 000
			030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	1 000
			033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	3 313 775,5
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	9 462 002,4
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	1 580 813
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1 129 148
			002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында карттар мен	477 322

				мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	
			013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	651 826
		261		Облыстың білім басқармасы	415 894
			015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	275 149
			092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	140 745
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	35 771
			039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және	35 771

				реконструкциял ау	
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	7 881 189,4
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	7 714 561,4
			001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламалард ы іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	193 918
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	108 817
			018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	126 563,4
			044	Жергілікті деңгейде көші-кон іс-шараларын іске асыру	4 596
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	156 063

			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	7 124 604
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	51 822
			077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	51 822
		270		Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	114 806
			001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	113 806
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	13 545 264,3
	2			Коммуналдық шаруашылық	13 545 264,3
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	13 545 264,3
			001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	174 965,5

				саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			004	Елді мекендерді газдандыру	390 602,2
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000
			032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	261 910
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	3 062 071,6
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	9 654 715,0
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	12 134 679,1
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	2 302 913
		273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	2 099 208

			005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	435 001
			006	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	82 698
			007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	606 528
			008	Театр және музыка өнерін қолдау	974 981
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	203 705
			027	Мәдениет объектілерін дамыту	203 705
	2			Спорт	6 263 380,5
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	4 972 767
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	63 997
			002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	8 004
			003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық	4 464 267

				және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	435 499
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 290 613,5
			024	Спорт объектілерін дамыту	1 290 613,5
	3			Ақпараттық кеңістік	1 785 737,6
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	522 117,0
			007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	522 117
		264		Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	122 544
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	88 035
			002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	34 050



			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	195
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	264
		273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	454 632
			009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	269 736
			010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	184 896
		743		Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы	686 444,6
			001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	676 506
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 938,6
	4			Туризм	12 568
		275		Облыстың кәсіпкерлік басқармасы	12 568
			009	Туристік қызметті реттеу	12 568

9				Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	1 770 080
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	387 031
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	291 986
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	88 782
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 263
		273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	1 383 049
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	102 029
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 417

			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	582 992
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	694 611
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	6 983 945,3
	1			Отын және энергетика	626 267
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	626 267
			081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	626 267
	9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	6 357 678,3
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	6 357 678,3
			071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	6 357 678,3

10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	29 957 421
	1			Ауыл шаруашылығы	24 926 058
		255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	23 412 315
